



Nur-Sultan 2021

# BILIM AINASY

желтоқсан-декабрь

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №44 "Үркер"  
балабақшасының педагогикалық ұжымы



[WWW.BILIMAINASY.KZ](http://WWW.BILIMAINASY.KZ)



«Білім айнасы» 2021 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы желтоқсан 2021 ж. №12 (626-журнал)  
Приложение к газете «Білім айнасы» декабрь 2021 г. №12 (626-журнал)**

*Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.*

*Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.*

*Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.*

**Аты:** «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

**Название:** Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

**Тілі:** қазақша, орысша.

**Язык:** казахский, русский.

**Негізгі тақырыптық бағыты:** білім саласына арналған танымдық газет.

**Основное тематическое направление:** научно-познавательная газета для образовательной сферы.

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы

**Территория распространения:** Республика Казахстан

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.*

**Нұр-Сұлтан, 2021 жыл**

**Мазмұны:**  
**Содержание:**

1. <b>Ғалымбекқызы Ә.</b> – Еңбектің соңы жақсылыққа жетелейді.....	3
2. <b>Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы – Тәуелсіздік 30-жылдық мерей тойына тарту. «Ірге ши».....</b>	5
3. <b>Сарсебаева Ж.А.</b> – Мектепке дейінгі ұйымда жаңа әдістерді пайдалану.....	7
4. <b>Абежанова А.А.</b> – Дара-Абай.....	10
5. <b>Багдал М.</b> – Қара шаңыраққа саяхат.....	14
6. <b>Казбекова Н.Е.</b> – Ою-өрнек сәніміз.....	16
7. <b>Айтмагамбетова Г.А.</b> – «Ши тоқу шеберханасы».....	18
8. <b>Орынбекова М.О.</b> – Қадамдық аэробика (массажды құрақ көрпенің үстінде).....	20
9. <b>Кусаинова М.К.</b> – Моншақтарды тіземіз.....	21
10. <b>Кусаинова Б.И.</b> – «Семь граней великой степи». Золотой человек.....	23

### Еңбектің соңы жақсылыққа жетелейді

«Ана тілі бала тілі» болу керек деген ақын сөзінде жатқан шындық ұлт болашағы –оның ана тілінде дегенді меңзегені болса керек. Бала өмірге келгеннен бастап, өз ана тілінде сөйлеп, ана тілінде білім алып ұлттық тәрбиемен сусындаса ұстаз үмітінің ақталғаны. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні. Бұл күн ұлттық мереке. Өскелең ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие сіңіруде маңызды рөл атқаратын айтулы күн. Міне, осындай бағыттағы игі шараның бірі 15 желтоқсан күні Нұр-Сұлтан қаласындағы № 44 «Үркер» балабақшасында өтті. Әр шәкіртін Отансүйгіштікке баулып, өнегелікке үйретіп, белсенділікке ұмтылдырып, патриоттық рухты көтерер жырлар, қанатты сөздермен шыңдай білген ұжымның жұп-жұмыр ешбір үзіліссіз дайындалған концерттік бағдарламасы керемет шықты.

Қазақтың ақжаулықты аналарының арманы орындалып, Егемен елдің ақ таңын сүйінші сұрай айқайлаған қазақ баласының аузынан естіген қандай ғажап! Осындай қойылымынан бастаған ертеңгіліктің тақырыбы «Тұғыры биік Тәуелсіздік» деп аталған. Мектепалды даярлық топтарының 75-ке жуық тәрбиеленушілерін қамтыған шараға ұжымдағы әр педагог үлес қосқан. Бір жұдырықтай болып жұмылған ұжымның қос әдіскері басшы, меңгерушісі Сарсебаева Жанерке Абылайханқызы қолдаушы бола білді. Видео слайд арқыл Тәуелсіздіктің әржылдағы жетістіктерін көрсетіп отырған шараны мектепалды даярлық топтарының тәрбиеленушілері Әділхан Ақәділ мен Бақытжан Айғаным еш мүдіріссіз жүргізді. Ойын анық қатесіз жеткізген қос бүлдіршіннің тіл тазалығына қарап сүйсінесің!

«Балдәурен» тобының би шашуымен жалғасып, көрерменге қазақы салт-дәстүрмен шашу шашты. Үлкен залға бейнекамерасымен шыққан Каппасов Алан мен болашақ тілші Рамазан Дария достарынан Тәуелсіз елге жырдан тарту сұрады. «Балдырған», «Балдәурен», «Тоты» мектепалды даярлық топтарымен «Айгөлек» ересек тобының тәрбиеленушілері екі тілде



еркін самғады. Әр сөзді нақты әрі дұрыс айта білген қазақтың ұл-қыздарына қарап марқаясың....

Әр педагог тіл маманы болмаса да балаға жыр жаттатарда дәл осы «Үркердің» ұстаздарындай ұстамды болса қазақтың ана тілі өз мәнін жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жалғасар еді. Балаға көп үйреткенде емес аз болсада тазалықпен жеткізер сөз салғанға не жетсін. Елбасының бүгінгі Президентіміздің есімін, Қазақстан Республикасының рәміздерін жатқа білетін бал тілдерінен айналдық.

Көк туды тәрбиешісі көтере шыққан «Тоты» тобының биі адамға рух сыйлар тамаша қойылым болды. Шынымен де мәдениет дегеніміз елдің рухани байлығы, асыл мұрасы. Ертеңгілікте мектепалды даярлық топтарының жетекшісі Кульмагамбетова Жанар ақын Өмірбек Бекмұраттың «Үркер» балабақшасына арнап жазған өлеңін мәнеріне келтіре оқып, «Үркер жұлдыздарының» өнерімен жалғауы ұтымды тұсы болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына береке бірліктің жемісі ата-ана, бала мен тәрбиеші қолы тиген салмағы 15 келі, ұзындығы 10.5 метр болатын бір айға жуық тоқылған әр жылдың өрнегі бар «ірге шиды» «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасына» сыйға тартты. Қазақтың ұлттық киіз үй жиһазы саналар өнер туындысын аталмыш кітапхананың ғылыми қызметкері Саягүл Құрбанқызы қабылдап алып балабақша меңгерушісімен осы өнер туындысының идея авторы балабақшаның инновация әдіскері Бағдал Майгүлге «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының» директоры Бақытжан Берікбайұлы Темірболаттың Алғыс хатын, өнер көрсеткен әр тәрбиеленушіге арнайы сыйлықтар табыс етілді. Тәуелсіз Қазақстанның талай бұралаң жолдардан өтіп, биік белестерді бағындыруында



өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Ұлы тұлғаның атындағы кітапханаға осындай сый жасау «Үркер» балабақшасының айтулы мерекеге қосқан елеулі үлесі болды. Барлық іске береке-бірлік пен табандылық арқылы жетуге болатынын дәлелдей білген ұжымның әдіскері Абежанова Алма, педагогтар Кусаинова Марал, Орынбекова Мадина, Мусатаева Талмагүл, музыка жетекшісі Байнукенова Мейрамгүл, биші хореограф Амантаева Жансая Нурғалиқызы, Сагынбекова Гүлзада, сахналық қойылымда өнер көрсеткен Кусаинова Базар, Казбекова Назира, Отызбекова Айнұр, Айтмагамбетова Гүлжан нағыз талант иелері.

Оған дәлел Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері Майра Сәрсеханқызымен қаладағы барлық балабақша меңгерушілері атынан сөз алған №77 «Қошақан» балабақшасының меңгерушісі Назгүл Гадылханқызының сөзі дәлел. Қонақтар айтулы мерекемен ұжымды құттықтап, жас болсада өз ісіне жетік балабақша меңгерушісі Жанерке Абылайханқызына сәттілік тіледі.

2010 жылдан бастап «Үркер» атымен жұмыс жасап келе жатқан білім ордасының әр іске жауапкершілікпен қарай білетін педагогикалық ұжымы өздері айтқандай шын мәнінде ғұмырын балаларға арнаған бақытты жандар! Ұстаз бала алдындағы күнін жұмыс уақытым деп емес, шынайы сүйіспеншілікпен кіршіксіз бала көңілі сенімділікпен қарайтын, адалдықтың бейнесі болардай жанашыр жан ретінде өткізсе ұстазбен шәкірт арасындағы шын құрметке ұласа бермек.

«Үркерде» өткізген аз уақыт маған осы құрметті көрсеткендей болды. Жүйелі жұмыс, бірлесе атқарған еңбек әрқашан жемісін берерін ұмытпайық! Алдағы күні де ұжымның береке бірлігі арта түсеріне сеніміміз мол!

### **ЖЫР ШАШУ**

2010-да Астанада ашылған,  
«Үркер» болып балабақша танылған.  
Бұл мекеме балалардың ордасы  
Тәрбиешісі қасынан дер табылған.

Адамдық пен адалдықты ту еткен,  
Тәті бала таба аласың ба жер көктен?!  
Тәрбиеші балаларға жол сілтеп,  
Жақсылықты әрқашанда жыр еткен.

Ата-анамен байланыс та молынан,  
Тіл табысқан тату-тәтті оңынан.  
Талай шара бірігіп те өткіздік,  
Қалмадық та игі істер жолынан.  
Елбасының сара жолы —ұстаным,  
Іске асырған әр уақытта ұстазым.  
Тәуелсіздік шежіресі секілді  
Балабақша мен білім беру қос таным.  
Тоқаевтың жолдауы да ерекше,  
Білімді ұрпақ расыменде керек ше.  
**Өмірбек Бекмұрат, ақын**

Отыз жылда орда бұзған мемлекет,  
Тарихы да болуы жөн бөлекше.  
Нұр-Сұлтанда мекеме бар осындай,  
Даралығы жарқ-жүрқ еткен жасындай.  
Бүлдіршіндер жаңғыруда рухани,  
Тәрбиешілер тәрбиелеуде осылай.  
Балалардың көріп жүрміз қызығын,  
Жұмыстың да көріп жүрміз шыжығын.  
Дүниеде ең бақытты біз екен,  
Балаларға арнаған сол ғұмырын.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы**

**Тәуелсіздік 30-жылдық мерей тойына тарту.  
«Ірге ши»**

**Идея авторы – инновация әдіскері:** Бағдал Майгүл

**Қолдаушы – балабақша меңгерушісі:** Сарсебаева Жанерке  
Абылайхановна

**Жұмысты ұйымдастырушы – әдіскер:** Абежанова Алма  
Алимжановна

**Қатысушы-тоқушылар:** №44 «Үркер» балабақшасының  
ұжымы, педагогтары, ересек тобы мен мектепалды даярлық  
топтарының тәрбиеленушілері және ата-аналары.

**Жалпы ірге шидің салмағы:** 15-кг

**Ұзындығы:** 10м, 50см

**Тоқылған уақыты:** бір ай

Иә, бүгін міне 2021 жылдың қазан айының 11-і дүйсенбі  
жұмыс күні өте сәтті басталды.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өшкеніміз өсіп, ескіміз  
жаңарып, жоғалғанымыз табылып, тәуелсіздіктің 30-жылдық мерей  
тойына дайындық басталып та кетті. Алға қойған мақсат үлкен  
тәуелсіз еліміздің жетістігі жетерлік.

1991- жылы еліміз Егемендігін алып ел іргесін бекітті.

– Ірге демекші бала кезімізде әжелеріміз:

**Іргеден кірген жел жаман,**

**Іргеден келген жау жаман** – деп киіз үйдің іргесіне ірге ши құрушы еді.

Ірге ши дегеніміз – киіз үйдің сыртындағы төменгі бөлігінде тұратын шиден тоқылған  
биіктігі жарты метр, ұзындығы әр түрлі болатын ұлттық үй жиһазы.

Ірге шиге неге тоқталып отырмыз. Мағынасы тереңде жатқан ірге шидің бүгінде  
қолданыстан шығып ұмыт болғаны. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру  
бағдарламасы» аясында ескіні жаңартып жаңа заман талабына сай жасап келешек ұрпаққа



өзінің тарихымен, салт дәстүрін, қол өнерін жалғастыру. Қазақ халқының әрбір қол өнерінде терең сыр бар. Соның бірі ши тоқу өнері. Ши негізінен бірнеше түрге бөлінеді ақ ши, шым ши, ораулы ши және ірге ши.

Бұл шилердің әр қайсының жасалу әдіс тәсілдері мен қызметі әр түрлі болады. Бүгінде ши тоқу өнерін мектептерде сирек кездестіріп жүрміз. Ал, балабақашада ши тоқу өнерін мүлдем қолданбайды деуге болады. 2019- жылдан бастап №44 «Үркер» балабақшасында ши тоқу өнері қолға алынып педагогтар арасында, «Шебер сынып» өткізіліп ши тоқу, ши орау әдіс тәсілдерімен толық таныстырылды. Мәселен, «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында педагогтарымыз «Аң стилі», «Алтын адам», «Қазақстан қызғалдақ пен алманың отаны», «Атқа міну мәдениеті», т.б. тақырып бойынша шиге бейне салып орап тоқып шығарды. Ал, 2020 жылы мектепалды даярлық тобында ши тоқу, ши орау, шиге сурет салу жұмыстары өте жақсы нәтиже көрсетті.

**Ши тоқу мен ораудың пайдасы.** Ши ораудың пайдасы кез келген адамның ой санасын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады. Барлық адами құндылықты бойына сіңіріп, мінез құлқына әсер етеді. Адамды сабырлы салмақты, ақылды, мейірімді болуға тәрбиелейді. Ептілікке, әдемілікке, еңбекқорлыққа баули отырып, қол саусақ моторикасын жетілдіреді. Сонымен қатар, туған жердің табиғатымен танысып қол өнерге деген қызығушылығын оятады. Тіпті ши орап отырған түрлі қызықты әңгімелер, ертегілер мен әндер де айтылып адамның есте сақтау қабілеті, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Шиге салынған бояуы арқылы адамның көзі сұлулыққа әдемілікке бейімделеді.

Осындай керемет қасиеттерді бойға сіңіретін қазақ қалқының қол өнері «Ши тоқу» өнерін бұдан әрі жалғастырып ұрпаққа жеткізу бүгінгі күні бізге аманат іспеттес. Ата-бабамыздан қалған қасиетті қара шаңырақтың әрбір бөлшегі нағыз өнер туындысы, тарихи сыры терең таусылмас қазынамыз болып есептеледі.

Ел тәуелсіздігінің 30-жылдық мерей тойына орай жүрегі қазақ деп соғатын әр бір азамат пен азаматша өз үлесін қосуда.

№44 «Үркер» балабақшасы да қалыс қалмай Ел іргесінің бүтін, елдің бірлік-берекесінің берік болуын тілеп ірге ши тоқыды.

Тәуелсіз Қазақстан 30 жылда қандай жетістіктерге жеткенін бейнелей отырып шиге орап тоқыды. Ши тоқу барысында әр тал шиге бір тамшы тер төгіп жұмыс жасаған адамдардың жұмыс кезеңіндегі іс-әрекеттері өте керемет, бірі ішкі жан дүниесін сыртқа шығарып сырын айтса, екінші бірі әдемі әуенге салып ән салды, енді бірі түрлі қызықты бастан кешкен оқиғаларын айтып мәре-сәре боп жатты.

Осындайда қайран ақ жаулықты аналарымыз-ай нағыз психолог болған екен ғой деген ой туады. Бүгінде өзге ғалымдарды зерттеп солардың іс-әрекетін өзімізге негіздейміз деп әуре боламыз. Қазақ халқының қол өнері тұнып тұрған Мария Монтессори, арт терапия.

### **30-ЖЫЛДЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ**

**Багдал Майгүл**

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі  
Кетпесін еліміздің берекесі.  
Берік болсын әрқашан ел іргесі,  
Кең болып мәңгілікке керегесі.  
Сөзімді мен бастайын,  
Жырдан шашу шашайын.  
Бабалар мәңгі бақи арман еткен,  
Өздерін талай батыр құрбан еткен.  
70-жыл Одағында орыс болып,

Үндемей бәрін дағы жеңіп келдің.  
Талай асу тауларды басып өттің,  
91-де Тәуелсіздік тарту еттің.  
Ғарышқа ұшып Тоқтардай азаматың,  
Әлемге танылды қазақ атың.  
Көк туың көкте желбіреп,  
Мерейің тасып көркейіп.  
Ата заңым қабылданды айбатты,  
Төл теңгеміз келіп төрлетті.

Қазақстан ядродан бас тартты.  
Табиғаттың тынысында жақсартты!  
Беске келдің бестігі боп Шанхайдың,  
Басқа елмен де қарым-қатынас жасадың.  
Алматыдан Ақмолаға көш бастап,  
Ел ордасын Астана қылып өзгерттің,  
Бірлігі артып елімнің,  
Тарихын зерттеп халқының.  
Рухани жаңғыруға бет алдық,  
Өнер мен мәдениетті қолдадық.  
Шақырып Иоанн Павел Рим папасын да,  
Есілдің әсем жағасында.  
Бас қосып дүние жүзі қазақтары,  
Киелі Түркістан қаласында!  
Алыстан көрінеді Бәйтерегі,  
Жайқалып жағасында көк желегі.  
Жарқырап көрінген де Хан шатыры,  
Адамға алыстан-ақ күш береді.  
Алты құрлық атыңды біліп алды,  
Жастары шар тараптан білім алды.  
Осылай Қазақстан өсіп жатты,

Мерейі еліміздің тасып жатты!  
БҰҰ-на мүше болдық,  
19-да үйде отырып құса болдық.  
Әлемді жайлап вируссың,  
Тарылды адамзат тынысың.  
Жақсылығы Алланың көп екен ғой,  
Бұлт астынан шығатын күн екен ғой.  
Үйде отырып ата-ана, бала-шаға,  
Мейірімділік танытты отбасына.  
Онлайн, офлайн сөздер енді  
Заманымыз цифырлы боп көп өзгерді.  
Қазақстан цифырлыққа бет бұрды,  
Естігенді міне тағы көз көрді.  
Қазақ елі дархан жүрек кең ел ғой,  
Бәрін дағы бірлікпенен жеңді ғой.  
Еңселі егеменді елдің жастары,  
Еріктілер игі істерді бастады.  
Алты қанат ақ ордамыз шайқалмасын,  
Елімізде еш жамандық байқалмасын.  
30 жас орда бұзар құтты болып,  
Қыран құстай көк аспанда қалықтасын!

**Сарсебаева Жанерке Абылайхановна**  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
№44 «Үркер» балабақшасының меңгерушісі

### **Мектепке дейінгі ұйымда жаңа әдістерді пайдалану**

Н.Ә.Назарбаев еліміздің білім беру жүйесінде шығармашылықпен дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа қадамдар жасалғанын атап көрсетіп отыр. Осы тұрғыда, балабақша жұмысын жоғары дәрежеде ұйымдастыруда меңгерушінің жұмысты жүйелі ұйымдастыруы мен басқаруының маңызы зор. Балабақша меңгерушісі мектепке дейінгі мекеменің бүкіл қызметін, оқыту мен тәрбиелеу, балаларды жан-жақты дамыту міндетін шешуге бағытталады. Мектепке дейінгі мекеме меңгерушісінің қызметі үш бағытта – тәрбие мен әдістемелік жұмысқа басшылық ету, әкімшілік-шаруашылық мәселелерін шешу, отбасымен жұмыс жүргізіп, ата-аналар мен қалың бұқара арасында педагогикалық ағарту жұмысын ұйымдастыру бағытында жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен мекеменің әдістемелік жұмысына басшылық жасау:

- педагогтерге білікті әдістемелік көмек көрсету;
- педагогтердің біліктілігін арттыру, өз бетімен білім алуға бақылау жасау;
- озық педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, талдау, жариялау және енгізу.

Балабақшаның педагогикалық және гигиеналық талаптарға толық сәйкес болуы мен тәрбие-білім процесін ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасалуын қамтамасыз



етеді. Бұл міндетті жүзеге асыруда меңгеруші кадрлармен жұмыс істеудің әр түрлі формаларын: жеке және топтық жұмыс түрлерін және ұжымдық түрлерін (педагогикалық кеңестер, семинарлар, практикумдар, іскерлік ойындар, тәжірибемен бөлісу, ұйымдастырылған ашық оқу қызметтер, серуендер және т.б.) қолданады. Мектепке дейінгі мекемеде оқыту және тәрбиелеу жұмысы меңгеруші мен әдіскердің бірлесе отырып жасаған басшылығының тиімділігіне байланысты болады. Мекеменің жылдық жоспарына сай әдістемелік жұмыста ұйымшылдық, жоспарлылық, қойылған міндеттің қысқа мерзімде оңтайлы шешімін табуды қамтамасыз ету, ұжымды жұмылдыра алудың маңызы зор.

Осы тұрғыда меңгерушінің білім беру жұмысын ұйымдастыруда инновациялық бастамаларды қолдауы, нақты оқытудың жаңа технологиясын қолдануға басымдық беруінің маңызы зор. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, балабақшаның педагогикалық үдерісінде технологияларды қолдану маңызды. Педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығы оқу үрдісінің сапасын арттырады. Балалардың тілін дамыту, қызықты білім негіздерін үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды қолдануда балабақшада жақсы материалдық-техникалық база қалыптастыру қажет.

Біз өз тәжірибемізде, балабақшаның оқыту-тәрбиелеу үрдісінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын заманауи үлгіде қайта жаңғыртып қолданып келеміз. Бүгінде дамыған Еуропа елдерінен келген Монтессори, Арт-терапия дамыту ойындары сияқты озық технологиялар мазмұнын қазақ халқы бірнеше ғасыр бұрын-ақ күнделікті тұрмыс-салт жағдайында қолданғаны белгілі. Біздің негізгі бағытымыз ұлттық педагогика құндылықтарын мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіне заманауи үлгіде сіңіру. Бала кезінен бүлдіршіндерді ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, қазақ халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиелеу.

Мысалы шығармашылық білім беру саласында «ұлттық киімдер», «ою-орнектер», «әшекей бұйымдар», «ши тоқу өнері» тақырыптары бойынша арнайы жобалық жұмыстар жүргізіп, балалар өз қолдарымен қағаздан, матадан ұл балаларға және қыздарға арналған ұлттық киімдердің суреттерін салып, қиып, макеттерін жасайды. Балалар халық даналықтарымен танысады, тәжірибелер жасайды, зерттейді, таниды.

Таным білім беру саласының «сүт тағамдары», «ұлттық тағамдар», «бидай өнімдері» жобасында сүттің айранға айналуы, айранды іріту, айраннан майдың шығуы, сүзбеден құрт жасау, қаймақтан май былғау бидайдан ұн тарту, келіге арпа, бидай түю және т.б. тәжірибелер жасау арқылы балалар дайын өнімнің қалай жасалатыны жөнінде мәлімет алады. Сол затты халқымыз қалай жасағаны туралы дүниетанымдық білімді меңгереді, еңбек етуге үйренеді.

Жоба барысында балаларға ши тоқыту, шиге жіпті орау, ою ою, текемет, сырмақ, түс кілемге қажетті геометриялық фигураларды жасау, қазақ ертегі сюжеттерінің пазлдарын құрастыру, ұлттық киімдер қию, киіз үй жабдықтарын әзірлеу арқылы сенсорлық дамуды жүзеге асырамыз.

Халқымыздың «Орамал тастамақ», «Теңге алу», «Неше асық», «Алтын сандық», «Кебеже», «Газы мен түлкі», «Ыдыс-аяқ», «Сақина салмақ» т.б. ұлттық-дидактикалық ойындары оқу іс-әрекеттерінде, ваиативтік бөлімде жиі пайдаланылады.

Сондай-ақ, соңғы жылдары оқыту үрдісінде асық ойындарын заманауи үлгіде пайдалану тәжірибесін де қолданып келеміз. Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесі мен дамуында қолданып келе жатқан асық ойынын арнайы зерттеп қолданысқа ендірдік. Асық ойыны тек баланың ермегі ғана емес, таным негізі, бүлдіршінді психологиялық тұрғыда дамытудың құралы болып табылады.

Асық – төрт түлік малдың тілерсегінен, буынына біткен қызметі күрделі шымыр сүйек. Яғни, қой, ешкі, сиыр, түйе, жылқы асығы қазақ халқының төл ойындары арқылы танымал. Оның ішінде қой, ешкі, түйе асықтары үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішінде. Ал, жылқы асығы пішінімен ерекшеленіп тұрады. Қазақ халқында «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сынды асық арқылы ойыналатын ойынның түрлері бар. Асық ойындары балаларды мергендікке, шеберлікке және бәсекелестікке баули алады.

Қазіргі қоғамның індеті болып отырған – виртуалды әлем. Назарды аудартатыны да осы. Бүгінгі күннің ата-аналары өзінің жүйкесі тыныш болуы үшін балаларына телефон, планшет сынды байланыс құралдарын еркін беріп қояды. Педагогтар зерттеуіне сүйенсек, бұл жағдай баланың зейінінің тұйықталып, шашыраңқылығына әкеліп соғады. Денсаулық жағдайына байланысты: көру мүмкіндігі нашарлай бастайды, қисайып отырғандықтан, омыртқасына кері әсері тиеді. Осылайша, қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастан кейін қала бастайды.

Ал, енді асық ойнай бастаған баланың іс-әрекеттерімен салыстырайық: асық терапиясын балабақшада тиімді пайдаланып жүрген балабақшамыздың ата-аналары балаларынан оң өзгерістерді байқап жатыр. Ойын барысында бала үздіксіз қозғалыс үстінде болады. Дене сымбатына мол септігі тиеді. Дене бітімі шымырланып, ширақ бола түседі. Сонымен қоса, кәсіпкерлік қабілеттер де қатар дамиды. Бала ұтып алынған асық саны артқан сайын қуанады. Өзімен қатарлы балалармен бірге ойнау барысында ұйымшылдығы мен тіл табыса алу қабілеттері артады. Осылайша, асықтың артықшылықтары мен пайдасы іс жүзінде дәлелденіп келеді.

Боялған асықтар арқылы балалар ерте жастан бастап түстерді ажыратып үйренеді. Асықтарды бояуға малып шеңбер ішіне нүктелерді түсіріп, өздігінше жаңа ойын техникаларымен танысады.

Асықтарды жекеленген ұяшықтарға салып, ерекшеліктеріне қарай бөлу баланың ұсақ қол моторикасының дамуына оң әсер береді. Саусақтармен көп уақыт жұмыс жасағандықтан олар иілгіш, әрі икемделгіш болады. Мұндай ойын түрлері баланың ойлауын, қиялын, зейіні мен қабылдауын жан-жақты дамытуға көмектеседі.

Асық терапиясы балалардың қимыл-қозғалысын реттеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, сөздік-логикалық ойлауды сатылай қалыптастыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, сабырға, бірлесе әрекет етуге тәрбиелейді.

Асықты санау арқылы математикалық, логикалық тапсырмаларды өздігінен шеше алу дағдылары қалыптаса бастайды. Түрлі тапсырмалардың шығу жолдарын ойластыру арқылы бала стратег бола бастайды. Шартты тапсырмалар олардың қызығушылықтарын оятып, жылдамдыққа үйретеді. Асықтан жасалған қолғаптарды киіп, немесе асық тақтайшаларының үстінен жүру баланың денсаулығын жақсартады. Балалардың дене нүктелеріне массаж арқылы әсер етеді, ағзаны тынықтырып, тыныштандырады.

Тағы бір ойын түрі: балаларға қиын үлгідегі үлкен көлемді суреттер және боялған асықтар беріледі. Балалар сол асықтар арқылы суретті тиісті түстермен қайта құрастырып шығады. Бұл тапсырма балалардан мұқияттылықпен ұқыптылықты талап етеді. Тапсырманы орындау барысында балалар түстен және пішіннен қателеспейді шарт.

Ересек топтар үшін тапсырма қызықты әрі пайдалы. Баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа үйренеді. Балалардың визуалды, аудиалды қабылдауы мен жарысу, бәсекелестік қабілеті қалыптасады. Асықтан құралған тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ пен қолдарының бұлшық еттерін қатайтады, буынын бекітеді. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілетінің дамуына, май табандылықтың алдын алуға болады.

Бір ғана асық балаларды көптеген ойыншықтармен немесе ойын түрлерімен қамтамасыз ете алады. Мұндай мол мүмкіндігі нәліктен тиімді пайдаланбасқа? Ұлттық ойынымызды бүлдіршіндердің қызыға ойнайтын ойын түріне айналдыру мүмкіндігі бар. Ықылым заманнан ата-бабалармыздан мұра болып келе жатқан құндылықты неге дәріптемеске. Бүгінгі таңда жаңа заман балаларының дамуында, асық ойынын инновация ретінде пайдаланып, оның түрлі нұсқаларын жасап, этнопсихологиялық сананы қалыптастырудың маңызы зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //Егемен Қазақстан 2017 жыл.
2. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері». //Егемен Қазақстан 2018 жыл.
3. Ү.Ә.Тұрғынтаева., А.Т.Үлекова. Мектеп алды даярлаудың педагогикалық психологиялық шарттары. Тараз.2007.
4. А.Құлназарова С.М.Тайжанов Мектепке дейінгі тәрбие мәселелері. Әдістемелік оқу құралы.- Алматы: «Атамұра», 2018.

**Абежанова Алма Алимжановна**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 "Үркер" балабақшасының  
әдіскері

### **Дара-Абай**

**Мақсаты:** Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл-мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Көркем сөйлеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.

**Көрнекіліктер:** Абай портреті, эпиграф жазылған плакаттар, кітап көрмесі.

**Жүргізуші:** Бүгінгі «Дара-Абай» атты әдеби кешіміз қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналады. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар. Абай философ, заңгер, ақын, аудармашы, сазгер, дара ойшыл, кемеңгер. Абай жазба әдебиетінің негізін салушы, гуманист, қоғам қайраткері, әділ би, ағартушы-ұстаз. Абай қазақ тіліне А.С.Пушкиннің, Ю.М.Лермонтовтың, Л.Н.Толстойдың, Салтыков – Шедриннің, Гетенің шығармаларын қазақшаға аударды.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.

Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.

Мені мен, менікінің айырылғанын,

“Өлді” деп атқ ойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көпшалдырған.

Өлді деуге сыяма, айтыңдаршы.

Өлмейтұғынар тына сөз қалдырған – дегендей бүгін біз артында өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақын атамыз – Абай Құнанбайұлы туралы сөз қозғамақпыз.

**Абай – Ибраһим.** Ортаға Гүлжан Аманжоловна, Гүлжамал Ускеновна шығады. Абай 1845 жылы жылан жылында туылып, 1904 жылы 60 жасында Семей уезінің Шыңғыс облысында дүниеден қайтқан. Негізгі аты – Ибраһим болса да, «Абай» деп жас Ибраһимді

анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді. Абайдың бар өмірі өзі туып өскен Шыңғыс облысы, қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында өтті.

Абай әке жағынан алғанда Тобықтының белгілі шонжары мен батыр биінен тарайды. Оның бабасы Тобықтының биі болған. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған. Ал, шешесі Ұлжан Бошан руынан тарайды.

Әкесі – тілге шешен, ақылға бай, қатыгез, ал шешесі керісінше ағайын-туысқа қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Міне, сәби шағынан-ақ Абай от пен судай екі ұдай, кереғар мінезді адамдар ортасында өмір кешті. Аяулы әжесі Зере мен анасы Ұлжанның жас бала қиялы мен санасының, мінез-құлқының қалыптасуына әсері мол болды. Ол екеуі айтқан ертегі, аңыз-әңгіме, күлдіргі, мысқыл, ел басынан өткен тарихи оқиғалар зерделі бала-Абайдың санасына біртіндепсіңе берді. Осылайша, бала Абай өз халқының рухани ой қазынасына қанығып өсті.

Абай 10-12 жасында мұсылманша оқып, хат таниды. Ал, 12 жасында Семейдегі осы 4 жылдық медреседегі және 3 айлық орыс мектептеріндегі оқуды аяқталып, 15 жасында үлкендерден білімі артып, ел ішіндегі жұртты өзіне қаратып, әкесіне көп көмегін тигізеді. Ел-жұрт оны би етіп сайлайды.

20 жасында ол от тілді шешен, халық өмірі мен әдетін, билік туралы істі көп білген көсем болған. Мақал, ертегі, нақыл сөздерді тез меңгерген. Жаңа заманның ретімен Абай білімгеден қойып, Араб, парсы, түркі тілдерін үйренді.

Абай 14 жасынан өлең шығарған. Ол жастар арасында кең таралғанымен, оған онша мән бермейді. Абайдың өнерге бет бұруына себепкер орыс достары Грось пен Михаэлис болды. Абай орыстың ақын-жазушылары – Пушкиннің, Лермонтов, Крылов, Толстой, Тургеневтің еңбектерін оқыған. Олардың шығармаларын оқи отырып, озық ойлы Абай орыс мәдениетін, өнерін, білімін үлгі еткен. Бұл да Абайдың даналығы. Абай кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темірқазығы, өшпейтін жарық жұлдызы. Абай шығармаларын қазақ балалары кімнің алдында болса да, ұялмай мақтанышпен айта алады.

### **Әнші Абай**

#### **Сахнаға Абай шығады. (Қабыл)**

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мың мен жалғыз алыстым, кінә қойма.

#### **Хақім Абай.**

«Сегізаяқ» әнін орындайды.

#### **Абай сазгер.**

Құлақтан кіріп, бойды алар.

Жақсы ән мен тәтті күй,

Көңілге түрлі ой салар.

Әнді сүйсең – менше сүй!-деген өлең жолдарын  
жазған кім?

- Абай Құнанбаев.

Ендігі кезекті әнге берсек.

«**Көзімнің қарасы**» әні. Орынбасар Кенжегүл орындауында қабыл алыңыздар.

**Абай – ақын.**



- Ұлы ақынның туған жері – табиғаты тамаша Семей жері, Шыңғыс тауының етегі. Осы туған жердің табиғаты, туған отбасы, заманы –барлығы Абайдың сезіміне, жүрегіне әсер етіп, оның ақындығына ықпал етті. Енді өзіміз білетін Абай атамыздың өлеңдеріне кезек берелік. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» айдарын Абайдың табиғат лирикасынан бастайық.

Ортаға Бахыт Жақсылыққызын шақырамыз.

«Қыс». Мұнарбай Ахылия.

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті – басы аққырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Демалысы үскірік, аяз бен қар,  
Кәрікұдаң – қыскеліп, әлексалды.

Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.

«Жазғытұры». Асемгүл Кенжебековна.

«Жазғытұры» қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата – анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жылқ ұсымен,

Жайраңдасып жас күлер

Құрбысымен. «Күз». Айнұр Мұхамедкаримовна.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Білмеймін тойғаныма, тоңғаныма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

«Ғылым таппай мақтан ба». Жансерік Нұрғайша ортаға шығады.

**Абай – ойшыл.**

- Абай-ойшыл дегенде біздің есімізге оның қара сөздері түседі.

Қара сөздері терең ой мен күрделі пікірге құрылған.

Жақсы мен жаман туралы баяндайды, халқын алға ұмтылуға шақырады. Абайдың 45 қарасөзі бар. Олай болса сол қара сөздерінен үзінді тыңдайық. Назира Ермекқызы ортаға шақырылады.

**Абай – аудармашы.**

- Абай орыс ақыны А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, М.Ю.Лермонтовтың, И.Гетенің шығармаларын сүйіп оқып, аударған. Бізоқыған «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын да И.А.Крыловтан аударған Абай атамыз екен.

Базаргүл Ивановна, Мұрат Ардагүл, Бахыт Зейпешовна, Марал Кенесбаевна, Жанар Айтбаевна ортаға шығады.

**Педагогтармен жұмыс.**

**Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар:**

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жарияланып отырды? (Көкбай ).



2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? Әлихан Бөкейханов, 1903 жылы Петербургта жазған).
3. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим).
4. Абайдың қанша күйі бар? Аттарыната. (Үш күйі бар: «Төкжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі»).
5. Абайдың аяқталмаған поэмасы. («Әзім әңгімесі».)
6. Абай Лермонтовтың қанша шығармасын аударған? (Жиырма жеті шығарма аударған).
7. Абайдың әжесінің жән ешешесінің аттарын ата. (Зере, Ұлжан.)
8. «Қазақтың бас ақыны - Абай Құнанбаев» деп атаған кім? (Ахмет Байтұрсынов).
9. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. (Абайдың екінші әйелі, шынаты Шүкіман.)
10. Абай өлеңдер жинағы қайжылы басылып шықтыжәне қай қалада? (1909 жылы Петербургта).

11. «Абай жолы» романын кім жазды? (Мұхтар Әуезов).

12. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? (Алматы қаласында мүсінші- Х.Наурызбай)



13. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындындығы болды? Абайдың ағасының баласы.)

### Абай Сазгер

- Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақансері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлеріне рекше бағалаған. Өзі де бірнеше ән шығарған.

Педагогтар «Желсіз түнде жарық ай».

**Жүргізуші:** Бүгінгі кешімізді Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына өлеңімен аяқтағым келеді.

**Асыл сөзді іздесең,**

**Абайды оқы, ерінбе.**

**Адамдықты көздесең,**

**Жаттап, тоқы көңілге.**

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпесіз, өлмес өсиет қалдырып кетуді ақын сөзімен айтсақ:



**Өлді деуге сыяма, ойлардаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...**

**Жүргізуші:** Қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алдық. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер кез келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл қосушы. Сондықтан да, біз Абай атаны жадымызда ұстаймыз!

Парасатты болып туған  
Шыңғыстаудың Абайы.  
Ән мен жырын мұра еткен  
Сарыарқаның Абайы.

Нақылымен сана құйған  
Қазағымның Абайы.  
Ақылымен дана болған  
Бүкіл әлем Абайы!

**Багдал Майгүл**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы  
инновация әдіскері

### Қара шаңыраққа саяхат

**Мақсаты:** Балаларды ойната отырып ұлттық сана сезімдерін ояту. Ой қиялын дамыту, ұлттық қол өнер мен салт дәстүрге деген қызығушылығын арттыру.

Қол моторикасын дамыту.

- Сәлеметсіңдер ме балалар?
- Сәлеметсіз бе?

Әже біз мұражайға саяхаттап келдік.

Қай жақтан келдіңдер-Мен...

- Мен..
- Мен..
- Мен..

Жарайсыңдар балалар Қазақстанда неше облыс бар екен?

- 14 облыс бар.

Бұл біздің сүйікті Отанымыз Қазақстан

- Балалар Отанымыздың табиғаты мен әдеп ғұрпын, салт дәстүрін сақтау біздің міндетіміз.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген халқым. Кәне кім айтады қазір жылдың қай мезгілі?

4 мезгілді айтады.

Жарайсыңдар балалар олай болса төрлетіндер.

Киіз үй туралы не білесіңдер киіз үй неден құралған? Шаңырақ, уық, есік, кереге.

Тамаша, бәрекелді.

Киіз үйдің ағаштан жасалған бөліктерін ер адамдар жасаса, оның киіз жабдықтары мен арқан, терме бауларын әжелеріміз жасаған екен. Киіз үйдің сендер білмейтін бір қырымен бүгін таныстыра кетейін.

- Бұл киіз үй ағаштарын бір-бірімен ұстап тұратын арқан баулар мен терме баулар.
- Терме баулар ол жіптен түрлі ою өрнектер салып тоқылады.
- Жел бау ол шаңырақтың екі жағында шаңырақты көтергенде ұстап тұратын терме бау.

Ал Басқұр ол уық үзікті тесіп кетпеу үшін құрылатын жалпақ терме бау.

Үзік және турлық терме- баулары.

Терме бауларды жасау үшін әжелеріміз ұршықтың қолданған Ұршық иіру.

Сендерде ұршық иіріп көресіңдер ме?

«Ұршық» ойыны балалардың алақанын қыздыру.

Ал сендерге ұршық иіру ұнадыма?

-Иә маған ұнады.

- Балалар сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

- Асық ату, арқан тарту.

- Бәрекелді

**Ұлттық ойындарды ата «Кубик» ойыны.**

Балалар кубикті лақтырады қандай ойын бетіне қарап түседі атауын айтады.

- Ұлттық ойындарды атау.

Сендер ұлттық ойындардың аттарын біледі екенсіңдер.

Ал ойын ойнағыларың келе ме?

«Бәйге» ойыны. 2-ұл шығады.

«Ақ сүйек» ойынын екі қыз ойнайды ережесімен таныстырамын

Келесі ойынымыз «Сен білесің бе?» деп аталады.

**«Кубик рубик» ойыны.** Не артық? Топта. Атауларын атау.

Балалар ойын сендерге ұнады ма?

Ой балалар сендердің келгендерің қандай жақсы болды.

- Ой мына кішкентай сиқырлы сандығымның оюлары түсіп қалыпты ғой

Кәне жапсырып бере қойыңдаршы?

Оюды жапсырады.

- Рахмет балалар бұл жай сандық емес сиқырлы сандық.

Сендер өздеріңе ұнаған асығы бар кілемшелерге жайғасыңдар да көздеріңді жұмыңдар.

Мен аш дегенде ашамыз.

Көзімізді ашамыз.

- Киіз үйдің іргесінен ескен самал желді, табиғаттың әсем үнін және шаңырақтан көрінетін аспан әлеміне қарап қиялын ұштастырған талай ұлы тұлғалар осы қасиетті қара шаңырақтан шыққан.

Олай болса жайлап орнымыздан тұрамыз. Қандай әсер алдыңдар? Сендерге беретін жол –жоралғым бар еді. Кәне екінші сандығымды ашайын.

Балаларға сандық ішіндегі сыйлықты ашқызып таратып беру аттарын атау.

-Әже олай болса бізге бата беріңіз.

Әмин десең маған.

Бата берем саған,

Жортқанда жолың болсын.

Қыдырың жолдас болсын,

Өмір жастарың ұзақ болсын.





**Казбекова Назира Еркековна**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы  
Жоғары санатты тәрбиешісі

### Ою-өрнек сәніміз

**Оқу қызметінің мақсаты: Білімділік:** Қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру және бүктеу арқылы ою-өрнекті қиып алуға үйрету.

**Дамытушылық:** Ою-өрнек арқылы оқушылардың ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту арқылы балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

**Тәрбиелік:** Халқымыздың асыл мұраларын, салт дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің түрі:** аралас оқу қызметі.

**Оқу қызметінің көрнекілігі:** Ою-өрнектер, ұлттық киімдер, ұлттық ыдыстар.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі

Армысың шұғылалы алтын күн!

Армысың мейірімді жер ана!

Сәлеметсіздер ме қонақтар!

Бәріміз күндей жарқырайық!

Бәріміз тату дос болайық!

**Кіріспе әңгіме:** Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық; киім-кешектерге - кимешек, мәсі, сырмақ жатады. Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған.

- Ою-өрнек деген сөз қандай мағынаны білдіреді?

Қазақтың «ою» және «өрнек» деген қос сөзі латынша «орнамент» деген мағынаны білдіреді. Бұл өнер бізге Ежелгі көшпенділерден жеткен. Адамдар алғаш рет ағашқа, тасқа, сүйекке салған. Ою - бұл белгілі бір затты ою, кесу, тігу, қию тәсілдері арқылы жүзеге асады.

- Ою-өрнектің неше түрі бар? 200-300 дей.

- Ою-өрнектер неше түрге бөлінеді және оларды атаңдар?

4 түрге, олар жануар тектес, өсімдік тектес, геометриялық және ғарыштық деп бөлінеді.

- Жануар тектес оюға қандай ою түрі жатады?

Қошқар мүйіз, арқар мүйіз, түіе табан.

- Өсімдік тектес оюға қандай ою түрі жатады?

Жапырақ, қызғалдақ гүлі.

- Геометриялық оюға қандай ою түрі жатады?

Геометриялық фигураларға ұқсас оюлар (ирек, балдақ, ботакөз т.б.)

- Ғарыштық оюға қандай ою түрі жатады?

Аспан әлеміне, ғарышқа байланысты оюлар (жұлдыз, айшық, ирек).

- Бүгін біздер ою - өрнектің бірнеше түрін атап, сипаттама берейік. Ал, енді балалар, қазір суреттен сендер ою-өрнектің түрлерін атаңдар.

Қазақта бір ою бар – «Қошқар мүйіз»

Орын алар тұрағы көрпе – киіз.

Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде



Көз тартып құбылады оюымыз.

- Қошқар мүйіз оюы не мағынаны білдіреді?

Байлықтың, молшылықтың, бақыттың белгісі.

- Ит құйрық оюы бұйымның қай жеріне салынады?

Ер адамның шалбарының балағына салынады. «Дұшпаның кеудеңнен төмен болсын» деген мағынаны білдіреді.



«ТАРАҚ» үлгідегі өрнек күнделікті тұрмыста пайдаланылып жүрген шаш тарайтын таракқа ұқсайды. Бұл өрнек нақышына келтіріліп алаша, басқұрларда қолданылады және таракқа ұқсас бірнеше жуан жолақтардан тұрады.



«ҚҰСҚАНАТ» ою-өрнегі мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Ал бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып, ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды. Қазіргі кезде «құсқанаты» ою-өрнегін басқа өрнектермен аралас қолдана береді.



«БОТАКӨЗ» ою-өрнегі әшекейлі композициясының ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп, шетін көмкеретін жиіектеме түзейтін ою. Сырт пішіні ботаның көзіндей дөңгеленген ромбыға ұқсайтын геометриялық ою-өрнек. Бұл орамалдың шетін көмкеретін жиіектеме түзейді.



«ЖІЛІНШІК» ою-өрнегі малдың жілік сүйектерінің негізінде туған атау. Жіліншік өрнегі қатар екі сызық бейнесінен құралатын буынды өрнек (алаша, киіз, тысқап, баулар, басқұрларды безендіруге қолданылады).



«ҚОС ДӨҢГЕЛЕК» ою-өрнегі мал таңбасына ұқсайды. «Қос дөңгелек» өрнегімен негізінен киіз бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді.

Қазақтың ою-өрнегін салып, қиып үйренбей қолданбалы өнерді игеру мүмкін емес. Сондықтан оюды өзіміз ойып үйренуіміз керек. Халқымызда «Өз үйінде ою оймаған адам, кісі үйінде сызу сызады» - деген мақал бар. Осы мақалдың өзі ою оймаған кісінің өзге өнерді де игере алмайтындығын көрсетеді.

**Шығармашылық жұмыс.** Қағазды бүктеп алып, ою-өрнек қиып алу. Трафарет арқылы ою-өрнекті губкамен бояу.

Оқу қызметін қорытындылау.

Енді оқу қызметімізді ою-өрнек туралы мақал-мәтелдер айтып қорытындылайық.

1. Өнер сыры – өрнекте.
2. Ою ойғанның ойы ұшқыр.
3. Ою ойған сызу да сызады.
4. Үлгісі көптің өрнегі көп, Өрнегі көптің ермегі көп.
5. Өз үйінде ою оймаған адам, кісі үйінде сызу сызады.



**Айтмагамбетова Гүлжан Аманжоловна**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы  
1 санатты тәрбиешісі

### «Ши тоқу шеберханасы»

**Тақырыбы:** «Ши өнерінің қолданбалы қол өнеріндегі орны. Ши тоқу технологиясы».

**Мақсаты:** Балаларға ши туралы мағлұмат беру, ши өнері арқылы қол моторикасын дамыту, шидің технологиясын әрі қарай дағдыландыру.

**Білімділік:** Ши өнерінің қолданбалы қолөнердегі орны туралы мәлімет беру. Ұлттық ши тоқу өнерін бүгінгі заман талабына сай, сәнді бұйым жасауға, сұранысқа ие боларлықтай дәрежеге жеткізу.

**Дамытушылық:** Ши тоқу өнерінің қыр-сырын зерттей отырып, адам бет-бейнесінің ерекшелігіне өң таңдау, түрлендіру жолын дамыту.

**Тәрбиелік:** Өнер құдіретін сезінетін алғыр да зерделі ұрпақ тәрбиелеу, шеберлікке баулу. Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйрету.

**Әдіс – тәсілдер :** Түсіндірмелі бейнелеу, сарамандық оқыту, өз бетінше жұмыс.

**Көрнекі құралдар:** Бүктемелер, дайын ши түрлері, ши талшықтары, өңді жіптер, фотосуреттер, эскиз жобалар.

**Сөздік жұмыс:** Орау, тоқу, кілемше, өреше, шытпа, қарақұс, қазықбау, «қобыз тіл».

**Оқу қызметінің барысы:**

I. Ұйымдастыру.

**Шаттық шеңбері:**

Күннің көзі ашылып,  
Көкке шуақ шашылып.  
Құтты қонақ келіпті,  
Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы гой.

Ал, кәнеки бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге,

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

II. Кіріспе Әңгіме

**Ши өнерімен айналысатын шеберлер.** Әжелеріміз бен апаларымыз үй жиһазына керекті заттарды қолдан жасап, қолөнердің ең бір тамаша да, қарапайым түрі мен өнерінің даму жолдарына үлкен мән берген. Сонымен шиді қалай тоқуды ойлап тауып, ақырында үнемі ізденіп, сәндік үшін ши тоқуды дамытып, әрі қарай жалғастырған.

Ши тоқу өнерімен айналысатын шеберлерді таныстыратын болсақ:

1957 жылы Республикалық I көрмеде Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан келген шебер Қамбарованың тоқыған шым шиінің өрнек мәнері өте жоғары бағаланған. 1960 жылғы Республикалық II көрмеде Атырау облысының Маңғыстау ауданында тұратын С.Тұралиева мен Жамбыл облысының Талас ауданындағы Б.Стамқұлова деген шеберлердің тоқыған шым шилері бүкілодақтың көрмеге қоюға лайықты деп бағалаған. Ерлі-зайыпты Бапановтардың шығармалары. М.Нартов «Жайлау», «Табиғат» байлығын пайдалана отырып, осы қолөнердің дамуына ықпал етіп көзі қарақты, көкірегі ояу жандар ши тоқу өнеріне аса көңіл бөлуде. Жәми Айтмағамбетова, Ермек Өмірбердиева, Дариға Жантақова, Бибі Сәрсенбиева.



**Бибі Сәрбенбиева** – 1909 жылы Жамбыл облысы, Қаратау қаласында туған. Бибі шешесінен он екі жасынан бастап шым ши орап, басқұр, бауларды жасау әдістерін үйренеді. Бибі апай облыстық, республикалық талай көрмелердің жүлдегері. Шым ши, киіз үй жасау жиһаздарын жасаудан асқан шебері.



**Айтмағамбетова Шәми** - 1914 жылы Маңғышлақ облысының, Өзен ауданында туған. Өгей шешесі Ұмсыннан көптеген қолөнерді үйренеді. «Шебер қыз» атанады. Оның Украинаның ұлы ақыны Тарас Григорьевич Шевченконың 150 жылдығына арналып тоқылған ұзындығы алты құлаштан асатын басқұры Республикалық Орталық музейде алыстан көз тартарлық асыл бұйым болып тұр.



Сонымен қатар, Жетібай ауылының тұрғыны **Атаева Күлзипа** – 1926 жылы Жамбыл облысы, Свердлов ауданы, Абай колхозында туған. Күлзипа әже зеректігі мен ұқыптылығының нәтижесінде өрмек өруден, ши тоқудан бастап, қолөнерінің көрікті үлгілерін түгелдей игерген «Шебер қыз» атанған.

### **Зертханалық жұмыс.**

1. Ши тоқуда тепе-теңдік, симметриялық заңдылықтар сақталу керек.
  2. Ши орауды бастамас бұрын ши талшығын суреттегі өңдердің шекара сызықтарын қаламмен белгілеп алу тиімді.
  3. Бір өңді жіптен екінші өңге ауысқан кезде өте сақтықпен, еппен жіптің ұшын шығармай жымдастыра орайды. Аяқтағанда қазықбау шалып бекітеді. Осылайша қайталана оралып отырады.
  4. Оралған шиді станокқа салып тоқиды.
- Тоқу, орау барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіріп отыру шарт. Шидің бір талын орап аяқтаған сайын дәлме-дәл келгенін тексеріп отырамын.



### **Осы біз ши туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз?**

«Шиді дұрыс өңдесең, келін болар келісті», «Дала шөбі ши - басына бақыт әкелер», «Ши қалпақты жігіттің, сөзіңе де беріксің»

Ши бұйымдары қолдануға тиімді, әрі таза, сұлулыққа, талғамдыққа сай.

### **Ал қандай өлеңдерін білеміз?**

«Ораулы ши, шым ши,

Қажетіңе жарасын.

Игілікке ұсталсын,

Жаманшылық болмасын» - деп дана халқымыз өлеңдетіп отырған.

«Ісім өңсін десең, ретін тап», Шилі өзен жерім - ай, сағындырған елім-ай»- деген екен. Үйдің сәнін келтіріп тұрған халық өнері - шидің кереметіне тіл жетпейді.

Ши тоқудың өзі бір мереке, ауыл азаматтары жиналып, орталарына соятын қойын, қымызын дайындап, домбыра, қобыз алып, ұйымдасқан күйде жұмысқа кіріседі екен.

Қазақта «Ши тарту биі», «Ши шымылдық» дейтін ұлт ойындары содан қалған, осындай науқан кезінде жастар бір серпіліп, әндер шырқалған.

Кәне, барлығымыз ән айтайық.

**«Шилі өзен қамыс-ай,  
Бізді ойлай жүр таныс-ай»**

**Қорытындылау:**

1. Балалар, біз не істедік?
2. Сендерге не ұнады?
3. Оқу қызметі ұнады ма?



**Орынбекова Мадина Орынбасаровна**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы  
дене шынықтыру нұсқаушысы

### **Қадамдық аэробика (массажды құрақ көрпенің үстінде)**

**Білім беру салалары:** «Денсаулық»

**Бөлімі:** Денешынықтыру

**Өткізетін орны:** музыка залы

**Топтар:** даярлық топ

**Мақсаты:** Құрақ көрпенің үстінде қадамдық жаттығуларды жасату арқылы балалардың Қазақтың ұлттық бұйымдарына деген қызығушылығын арттыру. Құрақ көрпе туралы түсініктерін кеңейту, сонымен қатар денсаулықтарын нығайту.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** Музыка ырғағымен қадамдық жаттығуларды

**Түсінеді:** жаттығу шарттарын

**Қолданады:** педагогтың тапсырмасын тыңдау, орындау, белгі бойынша тоқтау дағдыландыру.



**ҰОҚ барысы:**

**ЖДЖ**

Балалар музыка ырғағымен залға кіреді

Б.қ көрпеше еденде, орында тұрып маршпен журу. Б.қ оралу негізгі қадамдарды жасау, көрпешеге міну түсу 6 рет. Б.қ оралу көрпешеге мініп оң аяқты көтеріп астынан шапалақ соғу дәл осылай сол аяқпен жасау 6 рет. Б.қ оралу қол белде көрпешені айналу 3 рет. Б.қ оралу бір тізбекпен көрпешені басу арқылы шеңбер бойымен жүру. б.қ оралу көрпешенің үстінде тұрып, оң аяқты еденге қойып қолды алға созу дәл осылай сол аяқпен жасау 6 рет. Б.қ оралу орында тұрып тыныс алу жаттығуларын жасау 3 рет.

Қорытынды залдан саппен шығу.



**Кусаинова Марал Кенесбаевна**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы  
2 санатты тәрбиешісі

**Моншақтарды тізіміз**

**Мақсаты:** Моншақ туралы білімдерін кеңейту. Моншақты сәндік бұйым ретінде пайдаланатын әшекей екенін түсіндіру. Шаршы, дөңгелек пішіндегі текшелерден моншақ құрастыру жолдарын үйрету.

**Түзету – дамытушылық:** түрлі пішіндегі текшелерді бауларға тізу арқылы, балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Көркемдік талғампаздыққа, әсемдікке бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.



**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ – жауап, көрсету, түсіндіру, құрастыру.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: моншақ туралы саусақ ойынын жаттату.

**Көрнекілігі:** Моншақ суреттері, түрлі моншақтар, слайд, доп.

**Сөздік жұмыс:** Моншақ.

**Билингвальді компонент:** Моншақ – бусы.

Ұйымдастыру кезеңі:

**Шаттық шеңбер:** Сәлеметсің бе! Алтын күн.

Сәлеметсің бе! Жер – Ана.

Сәлеметсің бе! Құстар.

Сәлеметсің бе! Достар.

Сәлеметсің бе! Қонақтар.

— Балалар, қалай ойлайсындар моншақ бізге не үшін керек?

— Әсемдік үшін.

— Ал, моншақтарды кімдер тағады?

— Аналарымыз, әжелеріміз, қыздар тағады.

— Балалар, моншақты аналарымыз, әжелеріміз, қыздарымыз әсемдік үшін тағады.

Моншақтар түрлі – түстісі, үлкен – кішісі, қолға тағатындары да болады.

\* Ал, балалар моншақ сөзін буынға бөлейікші.

\* Мон – шақ.

\* Неше буыннан тұрады?

\* Екі.

\* Моншақ сөзінің басында қандай дыбыс естіліп тұр?

\* «М» дыбысы.

\* «М» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба.

\* Дауыссыз.

\* «М» дыбысынан басталатын сөздерді атайықшы?

\* Моншақ, мысық, машина.

\* Ғажайып сәт:

(Қуыршақ Айгерім)

**Қуыршақ:** — Сәлеметсіңдер ме балақайлар!

**Тәрбиеші:** — Сәлеметсіз бе! Біздің моншақ әлеміне қош келдіңіз.

— қай жақтан келесіз?

**Қуыршақ:** \* Немеремді алып жайлаудан келемін. Жолда немерем моншағын үзіп алды.

Моншақтарды тағайын десем көзім көрмейді.

\* Балалар, біз әжейдің немересіне моншағын тізіп береміз бе?

\* Балалар: Ия.

\* Олай болса, әжей сіз отырып демалыңыз. Біздің балалар моншақтарды тізіп береді. Құрастыру әдіс – тәсілдері:

\* Балалар, алдымыздағы түрлі – түсті пішіндегі текшелерден моншақтарды тіземіз. Моншақтарды тізу үшін бауларды пайдаланамыз. Ал, біз моншақ жасау үшін шаршы, дөңгелек пішіндегі текшелерді бауларға тіземіз.

\* Жіпті екі саусақпен ұстап шаршы мен дөңгелекті кезек – кезек жіптерге тіземіз. Балалар моншақтарды тізеді.

**Саусақ ойыны: «Моншақ»**

Қызыл, сары, көк моншақ.

Әжем тізді көп моншақ.

**Әжей:** Балапандарым, сендерге көптен көп рахмет! Менің немеремнің моншағын қайта тізіп бердіңдер. Өркендерің өссін!



Менің тағы да дорбам бар, ол жай дорба емес ғажайып дорба оның ішінде түрлі заттар бар дорбада не бар екенін тауып көріңдер.

**Д/О: «Ғажайып дорба»**

**Мақсаты:** Сипап сезу арқылы, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойынның шарты: Дорбаға әртүрлі материалдан жасалған заттарды салады, көзін жұмып дорбадан бір затты алып, не екенін сипаттап береді.

**Әжей:** Ал, балаларым сендер алғыр, шапшаң екенсіңдер. Немеремнің моншағында тізіп бердіңдер.

Біз енді аулымызға оралайық. Қош сау болыңдар!

**Қорыту:**

— Балалар, бізге қонаққа кімдер келді?

— Әжей мен немересі.

— Біз бүгін не құрастырып үйрендік?

— Моншақ.— Моншақтарды қандай пішіндерден жасадық?

— Шаршы, дөңгелек.

**Сергіту сәті.**

Моншақтарды алайық,

Мойнымызға тағайық.

Дөңгелене би билеп,

Көңілденіп алайық



**Кусаинова Базар Ивановна**

Нұр-Сұлтан қаласы

МКҚК №44 «Үркер» балабақшасы

2 санатты орыс тілі мұғалімі

### **Семь граней великой степи». Золотой человек**

**Цели:** - Донести до детей понятие о семи гранях великой степи, научить правильно произносить их на русском языке, понимая значение и смысл этих граней. Более подробно остановиться на четвертой грани-Золотом человеке;

- Совершенствовать правильную русскую речь, уметь составлять предложения по сюжетным иллюстрациям, на поставленные вопросы давать полные ответы, обогащать и активизировать словарный запас по теме;

- Воспитывать любовь к своей родине, уважительное отношение к культурным ценностям нашего народа, пробуждать бережливое отношение к национальному культурному наследию.

**Под звучание красивой музыки дети входят в зал и стоя в кругу приветствуют:**

*Счастье - наш чудесный круг! Счастье - твой надежный друг!*

*Счастье - поздороваться с утра, С кем расстался ты вчера!*

*Встанем весело мы в круг. Ты мой друг и я твой друг,*

*Вместе за руки возьмемся И друг другу улыбнемся.*

***Доброе утро! Қайырлы таң!***



1. - Как называется наша родина? (*Казахстан*)

- Кто наш первый президент? (*Н.Назарбаев*)

Все верно, ребята. А теперь кратко о статье Н.Назарбаева, который в своем последнем послании к народу уделил особое внимание роли культурного наследия, берущего начало в глубинах истории народа, о сохранении ценностей для будущего и процветания нашего государства, Руханижаңғыру



**2. Работа с иллюстрациями семи граней.**

**Семь граней великой степи**(*дети называют на русском языке*):

1. Культура всадничества.
2. Metallurgy великой степи.
3. Звериный стиль.
4. Золотой человек.
5. Колыбель тюркского мира.
6. Великий шелковый путь.
7. Казахстан – родина яблок и тюльпанов.



**3. Дети, сегодня на нашем уроке мы с вами обзорно поговорили о семи гранях великой степи. А сейчас остановимся и более подробно поговорим о четвертой грани великой степи- *Золотом человеке.***

Обратите внимание на наш экран.

**4. Слайды на экране.**

В 1969-1970 г.г. во время раскопок близ Алматы на берегу р.Иссык, были найдены останки золотого человека. Высота кургана 6 метров, а диаметр – 60 метров. По результатам исследований ученых это был предположительно потомок сакского предводителя либо член царской семьи. Об этом говорят его одеяния, изготовленные из золота, утварь, предметы домашнего обихода, а также доспехи самого воина (*шлем, кольчуга, сапоги, меч, сабля, ремень, стрелы, лук, и др.*). ***Подлинник Золотого человека находится в государственном хранилище, а его копию можно увидеть в государственном музее золота в г.Нұр-Сұлтан.***

**5. Физминутка** (*Дни недели: В понедельник я купался...*)

**6. Творческая работа** (*звучит песня Абая «Көзімнің қарасы»*)

- 1.гр. – Красят золотом фигуру Золотого человека
- 2.гр. – Складывают пазлы фигуры золотого человека

**7. Национальные игры.** Какие национальные игры вы знаете, дети? (*Асық лақтыру, Қыз қуу, Арқан тарту, Күш өлшеу-Армреслинг, Қазақша күрес, Оқтау тарту т.б.*)

**Далее игра** - (2 мальчика- Армреслинг, 2 девочки- Оқтау тарту)



**8. Обобщение урока.** Вопросы-ответы:

- Дети, о чем мы говорили на нашем занятии сегодня? (*о семи гранях великой степи, о Золотом человеке...*)
- А сколько граней у великой степи? (*7 граней*)

- Где и каким образом был найден Золотой человек?  
(археологи копали курганы, в одном из которых и был он найден)

- Почему его называют золотым человеком?

- (потому что вся его одежда сделана из золота)

- Предположительно Золотой человек является потомков великих сакских воинов, как вы думаете почему?

(Потому что он одет как воин. Его доспехи это – шлем, кольчуга, сапоги, ремень, сабля, меч, стрелы и др.)


- Где сейчас хранится сакский воин?

(В музее золотаг.Нұр-Сұлтан)

Если вам захочется его увидеть, вы можете сходить в музей с родителями и посмотреть и окунуться в нашу историю.

Спасибо вам, ребята, за работу! Молодцы!

Попрощаемся с гостями: «Саубольңыздар! До свидания!»











Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың  
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді

Зарегистрирован в Министерстве Культуры  
и Информации Республики Казахстан, Комитете  
информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013г.

эл.почта: [ou2020@mail.ru](mailto:ou2020@mail.ru)    тел: +7705 444 81 51